



БЕКІТЕМІН

«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық - техникалық университеті»

КеАК Басқарма төрағасы - ректор

А. М. Наметов

«26» 02 2018 ж.

**ЖЫЛУТЕХНИКА, ГАЗ ЖӘНЕ СУМЕН
ҚАМТАМАСЫЗДАНДЫРУ ЖӨНІНДЕГІ
ИНЖЕНЕРІНІҢ
ЛАУЗЫМДЫҚ НУСКАУЛЫҒЫ
СМЖ. 07. ЛН. 116**

№ 02 басылым

№ _____ дана

Дайындалды: 20.02.2018 ж.	Келісілді: 23.02.2018 ж.	Енгізілді: 26.04.2018 ж.
Аянов Д. М.	Тагаев О. О. Таршилова Л. С. Ерболатқызы Т.	Орнына: СМЖ. 05. ЛН. 167 07. 10. 2016 ж. Қайта каралуы: 26.01.2018 ж.

Мазмұны:

1. Бағыты
2. Қолдану саласы
3. Лауазымдық міндеттері
4. Жауапкершілігі мен өкілеттігі
5. Құжаттама
6. Сілтемелер

Өзгерістер				
№	Енгізілген мерзімі	Беттер нөмірі	Дайындаушы	
			Тегі, аты, әкесінің аты,	Қолы

1. Тағайындалуы

Осы нұсқау Қазақстан Республикасының еңбек кодексі және басшылардың, мамандардың және басқа да қызметшілер лаузымдарының біліктілік анықтамасына жасалды.

2. Колдану саласы

Бұл нұсқау жылутехника, газ және сумен қамтамасыздандыру жөніндегі инженерге арналып жасалған.

3.Лауазымдық міндеттері

3.1. Жылутехника, газ және сумен қамтамасыздандыру жөніндегі инженер міндетті:

3.1.1. Есептеу техникасының, коммуникациялар және байланыс құралдарын пайдалана отырып жобалау, құрылыс, ақпараттық қызмет көрсету, өндірісті, еңбекті және басқаруды ұйымдастыру, метрологиялық қамтамасыз ету, техникалық бақылау жөніндегі ғылыми-техникалық қызмет саласындағы жұмыстарды орындайды;

3.1.2. Әдістемелік және нормативтік құжаттарды, техникалық құжаттаманы, сондай-ақ әзірленген жобалар мен бағдарламаларды жүзеге асыру жөніндегі ұсыныстар мен іс-шараларды әзірлейді;

3.1.3. Техникалық-экономикалық талдау жүргізеді, қабылданатын және жүзеге асырылатын шешімдерді кешенді түрде негіздейді, жұмысты (қызметті) орындау циклін қысқарту мүмкіндігін іздестіреді, оларды орындау процестерін дайындауға, кәсіпорынның бөлімшелерін қажетті техникалық деректермен, құжаттармен, материалдармен, жабдықтармен қамтамасыз етуге ықпал жасайды;

3.1.4. Университеттің жобалары мен бағдарламаларын зерттеу, әзірлеу жөніндегі жұмыстарға, жабдықты сынақтан өткізуге және оны пайдалануға енгізуге байланысты іс-шараларды жүргізуге, сондай-ақ техникалық құралдарды, жүйелерді, процестерді, жабдықтарды және материалдарды стандарттау жөніндегі жұмыстарды орындауға, техникалық құжаттаманы қарауға және орындалатын жұмыс мәселелері жөніндегі қажетті шолуларды, пікірлерді, қорытындыларды дайындауға қатысады;

3.1.5. Ақпаратты, техникалық деректерді, жұмыстың көрсеткіштері мен нәтижелерін зерделейді және талдайды, оларды қорытындылайды және жүйеге келтіреді, қазіргі заманғы электрондық-есептеу техникасын пайдалана отырып қажетті есептерді жүргізеді;

3.1.6. Жұмыс кестесін, тапсырыстарды, өтінімдерді, нұсқаулықтарды, түсіндірме жазбаларды, карталарды, схемалары, басқа техникалық құжаттарды, сондай-ақ бекітілген нысандар бойынша және белгіленген мерзімдерде белгіленген есептіліктерді жасайды. Жобаларды және бағдарламаларды, жоспарларды және шарттарды жүзеге асыру кезінде әдістемелік және практикалық көмек көрсетеді;

3.1.7. Техникалық құжаттаманы сараптауды, жабдықтың жай-күйін және пайдалануды қадағалауды және бақылауды жүзеге асырады;

3.1.8. Белгіленген талаптарды, қолданылып жүрген нормаларды, ережелерді және стандарттарды сақтауды қадағалайды;

3.1.9. Қызметкерлердің ғылыми-техникалық білімдерін арттыру бойынша жұмысты ұйымдастырады;

3.1.10. Шығармашылық бастаманы, рационализацияны, өнертапқыштықты, дамытуға, отандық және шетелдік ғылымның, техниканың жетістіктерін ендіруге, кәсіпорынның тиімді жұмысын қамтамасыз ететін алдыңғы қатардағы тәжірибені пайдалануға мүмкіндік жасайды;

- 3.1.11. Нарықтық экономикадағы техникалық саласын және техникалық даму бағытын, жаңа құрылымдық даму жолы арқылы материалдық – техникалық базасын келешекте жаңартуға;
- 3.1.12. Іс жүргізу деңгейінің іс номенклатурасына сай келуін қадағалауға;
- 3.1.13. Жылутехника, газ және сумен қамтамасыздандыру қызметіндегі кейбір сәйкессіздіктерді басшылыққа дер кезінде баяндап отыруға;
- 3.1.14. Университеттің жылутехника, газ және су қызметтеріне басшылық ету, олардың қызметтік нәтижелерін қадағалау, қарауындағы бөлімшелердегі өндірістік және еңбек тәртібін сақталуын бақылап отыруға;
- 3.1.15. Өз лауазымы шеңберінде СМЖ тиісті жұмыс істеуін және тұрақты жетілуін қамтамасыз етуге.

3.2. Бағыныштылығы

- 3.2.1. Жылутехника, газ және сумен қамтамасыздандыру жөніндегі инженер басқарма төрағасы- ректордың бұйрығымен лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатылады;
- 3.2.2. Жылутехника, газ және сумен қамтамасыздандыру жөніндегі инженері бас инженерге бағынады.

3.3. Жылутехника, газ және сумен қамтамасыздандыру жөніндегі инженер білуі қажет:

3.3.1. Қазақстан Республикасының заңнамалық, өзге де нормативтік құқықтық актілерін, орындалатын жұмыстың мәселесі жөніндегі директивалық және басқару құжаттарын, әдістемелік және нормативтік-техникалық материалдар, кәсіпорынның (кәсіпорын бөлімшелерінің) техникалық даму перспективалары және қызметінің ерекшеліктерін, әзірленетін және пайдаланылатын техникалық құралдардың, материалдардың жұмыс принциптерін, техникалық сипаттамаларын конструкциялық ерекшеліктерін және олардың қасиеттерін, есептеу техникасының, коммуникациялардың және байланыстың қазіргі заманғы құралдарын, зерттеу әдістерін, жұмыстарды орындау ережелері мен талаптарын, техникалық құжаттамаға, материалдарға, бұйымдарға қойылатын негізгі талаптарды, техникалық құжаттаманы жасау және ресімдеу жөніндегі қолданылып жүрген стандартты, техникалық талаптар, ережелер және нұсқаулықтарды, техникалық есептерді жүргізу және зерттеулермен әзірлемелердің экономикалық тиімділігін айқындау әдістемелерін, ғылым мен техниканың жетістіктерін, қызметтің тиісті саласындағы алдыңғы қатардағы отандық және шетелдік тәжірибе, экономика, өндірісті, еңбекті ұйымдастыру және басқару негіздерін, еңбек заңнамасын, ішкі еңбек тәртіп ережесін, өндірістік санитария ережелерін, өрт қауіпсіздігінің талаптарын.

3.3.2. Сапалы білім беру қызметінің ішкі және сыртқы мониторингтің процедураларын және негізгі талап ету ережелерін;

3.3.3. Жарғы, университеттің ішкі ережелеріне және атқарылып жатқан жұмыстың университет ішіндегі нормативті құжаттарын;

3.3.4. Сапалық аймағындағы саясатты, қоршаған ортаны басқарудың, өзінің өкілеттілігімен шектелген СМЖ құжаттарын;

3.3.5. Негізгі лауазымдық нұсқауды;

3.3.6. Негізгі еңбек заңдарын; 3.3.7. Еңбекті

қорғаудың ережелері мен нормаларын.

3.4. Біліктілік талаптары:

3.4.1. Жылутехника, газ және сумен қамтамасыздандыру жөніндегі инженер лауазымына жоғары (техникалық) білімді және кәсіпорынның бейініне сәйкес

келетін өндіріс саласында, өз мамандығы бойынша кемінде 1 жыл қызметі өтілі бар адам тағайындалады.

3.4.2. Жылутехника, газ және сумен қамтамасыздандыру жөніндегі инженердің ұйымдастырушылық және жауапкершілік қасиеттері жоғары, талапшыл, шапшаң, тәртіпті, адамдармен тіл табысып және олармен тиімді жұмыс жасай білуі шарт.

3.4.3. Іскерлік деңгейде мемлекеттік тілді және дербес компьютерде жұмыс істей білуі қажет.

4. Жауапкершілігі мен өкілеттілігі:

4.1. Жылутехника, газ және сумен қамтамасыздандыру жөніндегі инженер жауапты.

4.1.1. Өзінің лауазымдық міндетін атқармағаны үшін, Қазақстан Республикасының еңбек заңына сәйкес келмесе;

4.1.2. Қазақстан Республикасының қылмыстық және азаматтық әкімшілік заңдарға қайшы тәртіп бұзғаны үшін жауапты;

4.1.3. Қазақстан Республикасының қылмыстық және азамат заңдарға қайшы материалдық шығын келтірсе.

4.2. Жылутехника, газ және сумен қамтамасыздандыру жөніндегі инженер өкілетті:

4.2.1. Университетті әртүрлі мекемелермен, жергілікті басқару органдарымен жан – жақты қарым– қатынас орнатуға; 4.2.2. Өзінің өкілеттілігімен шектеліп құжаттарға қол қоюға.

4.3. Жылутехника, газ және сумен қамтамасыздандыру жөніндегі инженер құқылы.

4.3.1. Керекті еңбек жағдайымен қамтамасыз етілуге.

4.3.2. Біліктілік (мамандық) деңгейін көтеруге.

4.3.3. Жылына 30 күнтізбелік күн көлеміндегі ақылы еңбек демалысын алуға.

4.3.4. Кәсіби жағынан өзінің абыройы мен қадір-қасиетін қорғауға.

4.3.5. Жөндеу және пайдалану қызметіндегі жетістігі үшін материалдық және моральдық жағынан марапатталуға.

5. Құжаттама 6.

Сілтемелер

ҚР Еңбек кодексі 23.11.2015ж. №414-в;

ҚР «Білім туралы» заңы 27.07.2007ж. №319;

ҚР «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» заңы 11.07. 1997ж №151;

ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңы 18.11. 2015ж №410-в;

ҚР СТ ИСО 9001-2016 Сапа менеджментінің жүйелері. Талаптар;

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 21.05.2012ж. №201-ө-м бұйрығы «Басшылардың, мамандардың және басқа да қызметкерлер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы»;

«Жәңгір хан атындағы БҚАТУ» жарғысы;

СМЖ.07.ҚЕ.07. Университеттің ішкі тәртіп ережесі; ЖОО ішіндегі нормативтік құжаттар.